

**Е. Т. Түсіпбеков, педагогика және басқару теориясы кафедрасының бастығы,
педагогика ғылымдарының кандидаты**
(Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы,
Қазақстан Республикасы, Қарағанды қ.)

Күрделі құрылымды біртұтас педагогикалық жүйенің дамыта оқыту технологиясы

Аннотация. Мақалада білім беру жүйесі қарастырылған. Автор осыған қатысты ғылыми-педагогикалық мәселелерді талқылап, білім беру әдістерін анықтады, сонымен қатар дамыта оқыту технологиясын және дәстүрлі оқыту технологияларын салыстырып кемшіліктері мен артықшылықтарын көрсетті. Мақала авторымен тиімді білім беру жүйесі ұсынылды.

Түйін сөздер: оқытушы, білім берудің ғылыми-педагогикалық әдіс-тәсілдері, дамыта оқыту технологиясы, дәстүрлі оқыту технологиясы, білім алушы.

Болашақ заңгер мамандарының ақыл-ойын барынша дамыту, дүниежүзілік ғылыммен техниканы, өндірістік технологияны меңгеру үшін білім беру жүйесін неғұрлым тиімді, ғылыми негізде кұру білім беру ісіндегі негізгі міндет. Ғылым, мәдениет, өнер, технология, сондай-ақ қоғамның заңнамалық, күқықтық, рухани-адамгершілік негіздерінің қалыптасуы да білім беруге байланысты.

Аталған мәселелердің мәні 2007 жылы шілде айында қабылданған Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңында, «Қазақстан Республикасында 2011-2020 жылдарға арналған білім беруді дамытудың Мемлекеттік бағдарламасында» мазмұндалғандай, қоғамның экономикалық және әлеуметтік жағынан ілгерілеуінің маңызды факторы ретінде білім берудің ұлттық моделін дамыту, шығармашыл тұлға қалыптастыруға бағытталу, ақыл-ой қорын жинау сияқты мақсаттарды көздейді [i; ii].

Ғылыми-педагогикалық, әдістемелік, психологиялық және арнайы әдебиеттерді зерттей келе біз қайшылықтардың бар екендігін анықтадық. Дамыта оқытуды кеңінен пайдалана бастауы мен олардың болашақ заңгерлердің танымдық белсенділіктерін арттыруда қолданылмауы арасында; дамыта оқыту болашақ заңгерлердің танымдық іс-әрекеті, белсенділігіне ықпал ету мүмкіндігі мен осы мүмкіндіктердің іс жүзінде пайдалану жолдарының қарастырылмауы арасында. Осы қайшылықтар біздің зерттеуіміздің өзектілігін негіздейді.

Дамыта оқыту технологиясында болашақ мамандар оқу арқылы дамиды. Бұл теорияның негізін салған шетелдік ғалымдары А. Н. Леонтьев, А. Рубинштейн, Д. Б. Эльконин, П. Я. Гальперин, Л. В. Занков, В. В. Давыдов.

Дамыта оқыту — күрделі құрылымды, біртұтас педагогикалық жүйе. Оның нәтижесінде әр білім алушы өзін-өзі өзгертуші субъект дәрежесіне көтерілуі көзделіп, оқыту барысында соған лайық жағдайлар жасалады.

Мұғалім білім алушы бойындағы жаратушылық сапалардың болатындығын мойындату, әрі қарай дамыту керек. Ол үшін өзі де өзгеруі, дәстүрлі оқытудың стереотиптерінен арылуы қажет. Білім арқылы білім алушыны дамытудың жаңа стратегиясы мен тактикасын таңдай алу керек.

Дамыта оқыту арнайы заманауи педагогикалық технологияларды қажет етеді. Ол заманауи технологияларда білім алушыны қоршаған ортамен еркін қарым-қатынасқа түсу мүмкіндігі беріледі. Қарым-қатынастар: жоспарлау, ұйымдастыру, мақсаттарды жүзеге асыру, іс-әрекетті талдау кезеңдерінен тұрады. Әр кезең білім алушының тұлғалық дамуына өз үлесін қосады.

Дамыта оқытудың дәстүрлі оқытудан айырмашылығы: көздеген мақсатында, мәнінде, мазмұнында, дамытудың негізгі факторларында, мұғалімнің рөлі мен атқаратын қызметінде, әдіс-тәсілдерінде, білім алушының білім алу белсенділігінің түрінде, оқу процесінің мүшелерінің әрекеттестік ерекшеліктерінде, олардың қарым-қатынас

сипатында, танып білу процесін ұйымдастыру және ондағы коммуникациялар түрлерінде т. б.

Салыстырмалы түрде сипаттай кетсек. Дәстүрлі сабақтарда мұғалімнің міндеттері, атқарар істері ұшан-теңіз. Ол тыңдайды, сұрақ қояды, жазады, түсіндіреді, көрсетеді, тексереді, бағалайды. Мұнда белсенділікті мұғалім атқарады.

Ал дамыта оқыту технологиясында барлығын өзі айтып түсіндірмейді, ол мәселе қояды, ойлаудың жолдарын ашады, әрекеттің барысына бағдар береді, жетектейді. Осылайша білім алушы қоғам, ғылым шешіп қойған, бірақ ол үшін жаңа болып табылатын мәселені шешуге кіріседі, оқу әрекетімен айналысады. Яғни дайын үлгі бойынша білім алуға үйренген білім алушының шығармашылық қабілеттері шектеліп, табиғи мүмкіндіктері жойылады. Ал әр сабақ сайын ізденуге үйренген білім алушы кез келген мәселені тез шешуге үйренеді.

Дәстүрлі оқытуда білім алушы білім, білік, дағды алуға қажетті ақыл, сана бар деп есептеп, сол ақылға дайын білімді құю керек деген көзқарасқа, ал дамыта оқыту технологиясында тұлға бойындағы табиғи қабілеттерді жаңа белестерге көтеруді мақсат тұтатын ұстанымдарға негізделген. Дәстүрлі оқыту жаттауға, есте сақтау, ал дамыта оқыту дербес жұмыс істеуге, алған білімді пайдалана білуге үйретеді [iii].

Дамыта оқыту технологиясы — дәстүрлі оқытуға соңғы уақыттарға дейін балама жүйе деп қарастырылды. Оның нәтижесінде білім алушы өзін-өзі өзгертуші субъект дәрежесіне көтерілуі көзделіп, соған оқыту барысында лайықты жағдайлар жасау үлкен нәтиже бермек [iv].

Бүгінгі күні педагогика ғылымында дамыта оқыту технологиясының әр алуан жүйесі белгілі. Ал бұл жүйенің кез келгені оқытудың мазмұны, мақсаты мен міндетін әдістерін, ұйымдастыру түрлерін тұлғаны қалыптастыруға, өзіндік іс-әрекетке бейімдеуге, дамытудағы (интеллектуалдық, ерік пен сезімге байланысты қасиеттерін) бағыттауды көздейді.

Қазіргі кезде жеке тұлға қоғам үшін белсенді түрде яғни аз уақытты қамтып, жоғары сапалы дәрежеде дамуы қажет. Дамыта оқыту технологиясы, болашақ заңгер тұлғасының дамуына бағыт-бағдар беріп, белсенділігін арттырады. Сонымен қатар дамыта оқыту технологиясы, болашақ заңгерлерді өз бетінше ойланып қорытынды жасай білуге баулиды, сыртқы ортамен қарым-қатынас жасауды үйренуге машықтандырады, теориялық мәселелерді практикада қолдана білуге баулиды, ізденіс әдістерін игеруге көмектеседі.

РЕЗЮМЕ

В статье рассмотрены научно-педагогические методы преподавания и проблемы системы образования. Автор сравнил традиционную систему образования и развивающую систему образования, также предложил рекомендации.

RESUME

In the article are considered the scientific and pedagogical methods of teaching and the problems of the educational system. The author compared the traditional educational system and the developing educational system, and also proposed recommendations.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- i. Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы «Білім туралы» Астана қ. // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/V09TN000166>
- ii. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы. — Астана, 2010. — 52 б.
- iii. Алимухамбетова Г. Е. А. Байтұрсыновтың тәлімдік ой-пікірлерін педагогикалық колледждің оқу-тәрбие үрдісіне енгізудің жолдары: Дис. ... пед.ғыл.канд. — Алматы, 2000.

iv. Тамаев А. Педагогическая инноватика как теория и практика нововедении в системе образования. — Алматы, 2001.